20588314392

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 9 қараша № 6213-23-00-2/647 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.Е.Мұстафин,
А.Жұмаділда хатшылығымен
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утегенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСТЫ:
прокурор Камашев А.С.
талап қоюшының өкілі Т.С:Ибрагимов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 12 мамырында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің (Тапсырыс беруші) және «Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утегенова (Өнім беруші)

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

арасында № 291 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалған (әрі қарай – № 291 Шарт), оның 1-тарауы 1.1-тармағының шарттарына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшаларында көрсетілген шарттар, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша тауарды беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алуға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда тауар үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға міндеттенеді.

2023 жылдың 19 мамырында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің (Тапсырыс беруші) және «Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утегенова (Өнім беруші) арасында № 331 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалған (әрі қарай – № 331 Шарт), оның 1-тарауы 1.1-тармағының шарттарына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшаларында көрсетілген шарттар, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша тауарды беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алуға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда тауар үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға міндеттенеді.

2023 жылдың 22 мамырында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің (Тапсырыс беруші) және «Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утегенова (Өнім беруші) арасында № 342 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалған (әрі қарай – № 342 Шарт), оның 1-тарауы 1.1-тармағының шарттарына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшаларында көрсетілген шарттар, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша тауарды беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алуға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда тауар үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға міндеттенеді.

2023 жылдың 22 мамырында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің (Тапсырыс беруші) және «Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утегенова (Өнім беруші) арасында № 345 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалған (әрі қарай – № 345 Шарт), оның 1-тарауы 1.1-тармағының шарттарына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оның қосымшаларында көрсетілген шарттар, талаптарға сәйкес және бағалар

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

бойынша тауарды беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алуға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда тауар үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға міндеттенеді.

№ 291 Шарттың жалпы сомасы № 1 қосымшамен айқындалады және 665 000 теңгені құрайды (Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағы).

№ 331 Шарттың жалпы сомасы № 1 қосымшамен айқындалады және 329 000 теңгені құрайды (Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағы).

№ 342 Шарттың жалпы сомасы № 1 қосымшамен айқындалады және 26 000 теңгені құрайды (Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағы).

№ 345 Шарттың жалпы сомасы № 1 қосымшамен айқындалады және 342 800 теңгені құрайды (Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағы).

№ 291 Шарттың № 1 қосымшасы бойынша 7 жинақ «Қысқы арнайы киім (аға және орта басшы құрамның) ерлер» сатып алынатын тауарлар тізбесі болып табылады.

№ 331 Шарттың № 1 қосымшасы бойынша 7 жинақ «алынбалы сорғышпен және өоб көк түсті ішкі күртешемен оқшауланған күрте күнделікті нысанды киім» сатып алынатын тауарлар тізбесі болып табылады.

№ 342 Шарттың № 1 қосымшасы бойынша 7 дана «көгілдір түсті қысқа жеңді жейде әйелдерге арналған кездейсоқ киім» сатып алынатын тауарлар тізбесі болып табылады.

№ 345 Шарттың № 1 қосымшасы бойынша 7 жинақ «қысқы арнайы киім. Әйел (кіші басшы және қатардағы құрамның) жоғары беріктігі бар қысқы былғары етік» сатып алынатын тауарлар тізбесі болып табылады.

№ 291 Шарт бойынша жеткізу мерзімі 2023 жылғы 31 шілде деп айқындалған.

№ 331 Шарт бойынша жеткізу мерзімі 2023 жылғы 31 шілде деп айқындалған.

№ 342 Шарт бойынша жеткізу мерзімі 2023 жылғы 31 шілде деп айқындалған.

№ 345 Шарт бойынша жеткізу мерзімі 2023 жылғы 31 шілде деп айқындалған.

Алайда Өнім беруші шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған, шарттарда көрсетілген мерзімде тауарды бермеген, осыған байланысты талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Шарттарды орындалмағаны үшін талап қоюшы айыппұл санады:

№ 291 Шарт бойынша: 665 000 * 0,1 % * 71 күн = 47 215 теңге.

№ 331 Шарт бойынша: 329 000 * 0,1 % * 71 күн = 23 359 теңге.

№ 342 Шарт бойынша: 26 000 * 0,1 % * 71 күн = 1 846 теңге.

№ 345 Шарт бойынша: 342 800 * 0,1 % * 71 күн = 24 339 теңге.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдады және соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етілген жауапкер сот отырысына келмеді, мобильді байланыс құралы арқылы қатысу үшін қосылмады.

Сот келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 196-бабының төртінші бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор А.С.Қамашев талаптарды қанағаттандыруды туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 271-бабына сәйкес міндеттемелер шарттан пайда болады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай – Заң) 2-бабының 22) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алу туралы шарт – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт.

АК-тің 272-бабына сәйкес міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-тің 277-бабына орай егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-тің 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына орай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің 2023 жылдың 31 шілдесі екенін анықтады.

Алайда жауапкер шарттар бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауды мойнына алғанына қарамастан, бұл міндеттемелерді орындамаған (шарттардың 3-тарауының 3.1-тармағы).

Жауапкердің шарттардың талаптарын орындамауы ол үшін Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдарлардың туындауына әкеп соғады.

Бұған қоса жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысып, шарттарға қол қойып, шарттардың барлық маңызды талаптарына өз келісімін білдіре отырып, АК-тің 272, 277-баптарының талаптарына сәйкес міндеттеме шарттары мен заңнама талаптарына сәйкес келісілген мерзімде өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға міндетті болған.

Алайда қаралып отырған жағдайда жауапкердің шарт міндеттемелерін орындамағаны айқын анықталды.

Осылайша даулы жағдайда жауапкердің шартар бойынша міндеттемелерді орындамауы орын алған, тиісінше жауапкер шарттардың маңызды талаптарын және АК-тің 272, 277-баптарының талаптарын бұзған.

Сот жауапкердің шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны туралы талап қоюшының дәлелдерін қабылдайды.

Талап қоюды сотқа жіберу мерзіміне қатысты сот талап қоюшыға жауапкердің 2023 жылдың 31 шілдесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны туралы сенімді түрде белгілі болғанын анықталды.

Көрсетілген міндеттемеге сүйене отырып, талап қоюшы бұл талапты 2023 жылғы 30 тамызынан кешіктірмей жіберілуі керек. Талап қою сотқа

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

2023 жылғы 24 тамызда, яғни заңда көзделген мерзім шегінде сотқа жіберілді.

№ 2 талап бойынша

АК-тің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу деп танылады.

АК-тің 298-бабы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабына сілтеме жасай отырып, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы айып өндіруге негіз болып танылатынын айқындайды.

АК-тің 359-бабында айқындалғандай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Шарттардың 7.3-тармағына сәйкес тауарды беру мерзімі кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші міндеттемелерін толығымен орындамаған жағдайда кешіктірілген әр күн үшін жалпы шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе Өнім беруші міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда кешіктірілген әр күн үшін орындалмаған міндеттемелердің 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте жалпы тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы жалпы Шарт сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

Тұрақсыздық айыбы сомасының 96 749 теңге құрайтыны анықталды, бұл Шарттардың сомасының 10%-ынан аспайды.

Тұрақсыздық айыбын есептеу шындыққа жанасады, сотпен тексерілді.

Айтылғанды ескере отырып, сот қойылған талаптың негізділігі туралы тұжырымға келді.

АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігінің талабына орай «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 616-бабы 30) тармақшасының ережесіне орай талап қоюшы төлеуден босатылған 4 628 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджет кірісіне өндірілуі қажет.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024
6213-23-3-1/777

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 403-404-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің «Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утененоваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утененованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы танылсын.

«Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утененовадан мемлекеттік пайдасына 96 759 (тоқсан алты мың жеті жүз елу тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Утегенов» жеке кәсіпкер басшысы атынан С.Л.Утененовадан жергілікті бюджеттің кірісіне 4 628 (төрт мың алты жүз жиырма сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы болған тарап Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Д.Е.Мұстафин

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Мустафин Д. Е., 16.01.2024